

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Федералдық ғарыш агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасы сынаушы-ғарышкерлерінің Ю.А. Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлайтын мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынақ орталығындағы топтарда арнайы дайындықтан өту тәртібі мен шарттары туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 тамыздағы N 819 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Федералдық ғарыш агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасы сынаушы-ғарышкерлерінің Ю.А.Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлайтын мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынақ орталығындағы топтарда арнайы дайындықтан өту тәртібі мен шарттары туралы хаттамаға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Жоба

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
мен Федералдық ғарыш агенттігі арасындағы Қазақстан
Республикасы сынаушы-ғарышкерлерінің Ю.А.Гагарин атындағы
Ресей ғарышкерлер даярлайтын мемлекеттік ғылыми-зерттеу
сынақ орталығындағы топтарда арнайы дайындықтан өту
тәртібі мен шарттары туралы
ХАТТАМА**

Бұдан әрі "Жіберуші тарап" деп аталатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және бұдан әрі "Қабылдаушы тарап" деп аталатын Федералдық ғарыш агенттігі, бұдан әрі бірге "Тараптар" деп атала отырып,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартын, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 2000 жылғы 19 маусымдағы "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша әрі қарай ынтымақтастық туралы меморандумды, Қазақстан Республикасы Президентінің Ресей Федерациясы ғарыш саласының басшыларымен 1999 жылғы 1

сәуірде Мәскеу қаласында болған кездесуінде қол жеткізген Қазақстан Республикасының екі ғарышкерін даярлау туралы уағдаластықты басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы екі жақты ынтымақтастықты дамытуға талпынысты негізге ала отырып,

Қазақстан Республикасы ғарышкерлерінің қатысуымен Халықаралық ғарыш стансасының бортында бірлесіп жұмыс жүргізу бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығы туралы 2005 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Президенті мен Ресей Федерациясының Президенті жасаған мәлімдеменің ережесін назарға ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қабылдаушы тарап жалпығарыштық даярлықтан өткен Қазақстан Республикасының екі сынаушы-ғарышкерлерін Ю.А.Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлайтын ғылыми-зерттеу сынақ орталығындағы (бұдан әрі - Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО) топтарда арнайы дайындықтан өту үшін қабылдайды.

2-бап

Қазақстан Республикасының екі сынаушы-ғарышкерлерін топтарда арнайы дайындықтан өткізу бойынша шығыстар Қабылдаушы тарапқа жүктеледі.

К ө р с е т і л г е н ш ы ғы с т а р :

ғарышкерлер даярлаудың оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқытушылар құрамымен, оқу құралдарымен, зертхана жабдығымен, техникалық құралдарымен ;

оқу процесі үшін қажетті кітапханалармен, оқу және спорт залдарымен және басқа да үй - ж а й л а р м е н ;

Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО-дан тыс жерлердегі дайындық өткізу орындарына ж е т к і з у к ө л і г і м е н ;

д ә р і г е р л і к қ ы з м е т п е н ;

Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО сынаушы-ғарышкерлері үшін қолданылып жүрген нормалар бойынша техникамен жұмыс істеу үшін қажетті арнайы киіммен қамтамасыз етуге арналған шығыстарды қамтиды.

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлерін Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО-да ұстауға байланысты шығыстар Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады және:

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлері үшін белгіленген нормалар бойынша стипендия төлемін ;

осы Хаттаманың 6-бабына сәйкес көлік шығыстарын;
тұру үшін тұрғын үй-жай жалдау бойынша шығыстарды;
арнайы тамақтануға арналған шығыстарды;

Мәскеу және Мәскеу облысынан тыс жерлерде дайындық өткізу кезіндегі іссапар шығыстарын (көлік шығыстарын қоспағанда) қамтиды;

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлері қатарындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери қызметшілері ұлттық әскери киім нысанын киіп жүруі мүмкін.

3-бап

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлерін даярлау орыс тілінде жүзеге асырылады.

4-бап

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлері, оның ішінде олар Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО-ға отбасыларымен жіберілген жағдайда тұру үшін тұрғын үй - жайлармен қамтамасыз етіледі.

Қабылдаушы тарап Қазақстан Республикасының сынаушы- ғарышкерлерін және олардың отбасы мүшелерін уақытша тіркеу бойынша шаралар қабылдайды.

5-бап

Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне, олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне Қабылдаушы тараптың медициналық мекемелерінде шұғыл және амбулаторлық медициналық көмек тегін көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы сынаушы-ғарышкерлерінің отбасы мүшелерін тексерудің қымбат тұратын түрлерімен стационарлық емдеу Қабылдаушы тараптың медициналық мекемелерінде ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

6-бап

Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО-да топтарда арнайы дайындықтан өтетін Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне жыл сайын жазғы уақытта ұзақтығы 45 тәулік кезекті демалыс беріледі.

Қазақстан Республикасы сынаушы-ғарышкерлерінің топтарда арнайы дайындық үшін Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО-дағы жұмыс (қызмет) орнынан және оны аяқтаған соң жұмыс (қызмет) орнына ауысуы бойынша, сондай-ақ демалысқа шығуы мен одан келуінің көлік шығыстарын Жіберуші тарап өз есебінен қамтамасыз етеді.

7-бап

Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО-да топтарда арнайы дайындықтан өтетін Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлері Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО-ның ішкі тәртібін сақтауы тиіс.

Сынаушы-ғарышкерлердің ағымдағы дайындық деңгейін және жаттығу құралдарының жай-күйін ескере отырып, дайындықтың бағдарламасы мен жоспар-кестесін Қабылдаушы тарап бір жақты тәртіппен өзгертуі мүмкін.

8-бап

Топтарда арнайы дайындық бағдарламасын талап етілген көлемде орындаған және Қабылдаушы Тараптың талаптарына сәйкес емтихан тапсырған Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлеріне Ю.А.Гагарин атындағы ҒДО тобының құрамында дайындықтан өту фактісін растайтын куәлік беріледі.

9-бап

Осы Хаттаманы түсіндіруге және қолдануға байланысты туындауы мүмкін даулы мәселелерді Тараптар келіссөздер мен консультациялар жолымен шешетін болады.

Осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын, қосымша Хаттамалармен ресімделетін осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Хаттама 3 жыл мерзімге жасалады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

2005 жылғы "___" _____, _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде, екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманы түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрлігі үшін*

*Федералдық
ғарыш агенттігі үшін*